



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп

Абай елі

№ 31 (391) 16 - 23 тамыз, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Құрметті аудан тұрғындары!

Жалпыхалықтық Қазақстан Республикасы Конституциясы күні мерекесімен баршанызды шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгін бүкіл қазақ еліндегі тәрізді біздің ауданымыз да дамудың даңғылына түскен Тәуелсіз мемлекетіміздің тарихындағы бірегей мереке - Қазақстан Республикасының Конституция күнін атап өтуде.

Ата Занды ардақтау – келешекке керуен тартқан ұлы еліміздің әрбір азаматының асыл парызы. Азаматтық қоғам құрудағы өркениеттілік жолындағы басты талап. Конституция – ұлттық құндылығымыз.

Аудан экономикасының қазіргі даму деңгейі Елбасы алдымызға қойған міндеттерді кезең-кезеңімен шешуге мол мүмкіндік беріп отыр. Бұл тарапта ауданымыздың әрбір белсенді азаматының сіңірген еңбегі, зор үлесі бар деп айтуға болады. Өрине, осынау жетістіктердің барлығы да Ата заңның игілігі аясында, Конституциялық нормалардың қатаң сақталуының нәтижесінде жүзеге асып отырғаны анық.

Осынау мереке аясында әр шаңыраққа күт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Құрметті абайлықтар!

Ұлылар өлкесі 40 жыл бойы атом ядролық сынақтарының зардабын тартқан аудан. Биыл ұлт қасіреті саналар «Семей полигонының» жабылғанына 25 жыл толады. Яғни, жаһандық деңгейдегі осынау зұлмат, әлемге тек қайғы мен қасірет, көз жасын ғана әкелетін жаппай қырып-жою қарулары сынағын тоқтатуға Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Заңмен тиым салғанына ширек ғасыр толып отыр. Бұл біздің, бейбітшіліксүйгіш барша қазақ халқының, кемел келешекке бет алған Тәуелсіз еліміздің үлкен жетістігі, елеулі жеңісі. Әлбетте, қырық жыл нәубет зардабын шеккен ұлылар елінің, абайлықтардың да осынау ұлы жетістікке қосқан үлесі зор. Халықаралық қауымдастық алдында атом ядролық сынақтарынан алғашқы болып бас тарту арқылы барша қазақ елінің мәртебесі асқақтады, мерейіміз тасыды. Ендеше бұл атаулы күн ұлы мереке, ұлт мейрамы екені анық.

Қадірменді жерлестер! Сіздерді 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күнімен құттықтаймыз. Ел егемендігінің 25 жылдығымен түспа-түс келген осынау мереке баршамыз үшін бейбіт өмірдің шырайын арттыра берсін! Ортақ үйіміз – Қазақстанның келешегі жарқын да кемел болғай!

Тұрсынғазы МҮСӘПРБЕКОВ
аудан әкімі,
Ерлан Лдибаев
аудандық мәслихат хатшысы

Конституция күні құтты болсын!

Ұлтымыздың сан ғасырлық тарихында Қасымханның «Қасқа жолынан», Есімханның «Ескі жолынан», Хан Тәукенің «Жеті жарғысынан» бастау алған бүгінгі Конституциямыз – Елбасы ұсынып, халық қолдаған, елімізді биік белеске шығарған тарихи маңызы аса зор құжат. Конституция – Қазақстанның тұрақтану және өркендеу негізі, әрбір қазақстандықтың құқығы және еркіндігінің кепілі. Мемлекет басшысымен ұсынылған және бүкіл халық қолдаған негізгі заң Қазақстанның дамуының жолбасшысы және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, сондай-ақ біздің еліміздің өртүрлі салалардағы жетістіктерінің басты дінгегі.

Осы орайда аудан тұрғындарын Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын пейілден құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз, бақ-берекеміз баянды болғай!

Дулат АУБАКИРОВ
Абай ауданының прокуроры

Рухани қазына

ТЫҢ ТУЫНДЫНЫҢ АРҚАУЫ – АБАЙ ТОҒЫ

Абай елінің мәдени-рухани өмірінде тағы бір жаңалық орын алды. Атап айтсақ, ойшыл ақын, хакім Абайдың 170 жылдық мерейтойына даярлық һәм оның өту барысы жайлы тұщымды мағлұмат беретін жаңа кітап жарық көрді. Оқырманға жол тартқан аз уақыттың үшінде аталмыш жинақ жағымды пікір жинап, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болып үлгеріпті. Ол жайында тамыздың 19-ы күні М.Әуезов атындағы орталықтандырылған аудандық кітапханада ұйымдастырылған туындының тұсаукесер рәсімінде айқын көз жеткіздік.

Әуелгі кезекте жинақтың мазмұнына тоқтала кетелік. Аудан тарихында айшықты орны бар оқиғалардың бірі – Абайдың 170 жылдық мерейтойы. Күллі халық болып жұмылған осынау шара өңіріміздің мәдени деңгейін ғана емес, эстетикалық талғамын да бірнеше сатыға көтеріп, жаңа белеске шығарған болатын. Ал жаңа кітап абайлық қауым үшін үлкен сын болған айтулы тойға қатысты барлық шараларды қамтиды. Оның ішінде Алаштың рухани астанасы - Семей қаласында бастау алған мерейтой беташары, дана ақын мұраларына арналған халықаралық ғылыми-танымдық конференция, энциклопедиялық ғаламтор порталының ашылуы, Абай атындағы театрда өткен салтанатты жиын жайлы да тұщымды мәліметтер бар.

Сондай-ақ, алыс-жақыннан, шетелден келген меймандардың жыр кіндігі Жидебайға ат басын бұрып, бабалар кесенесіне зиярат етуі, Қарауылтөбедегі мерекелік шара, Мамай



батырға арналған ескерткіштің ашылу салтанаты туралы да кең көлемде, толғамды түрде жазылған. Мұнымен қатар, қазақ күресінен өткен Манарбек Таутанов атындағы турнирдің өту барысы, Қарауыл төбедегі ұлттық спорт түрлерінен өткен бәсеке һәм елге танымал сөз зергерлері, суырып салма айтыскерлердің республикалық ақындар айтысы туралы да айшықты түрде жазылған.

Бір бұл емес, бас ақынның мерейтойы қарсаңында жарық көрген түрлі тақырыптағы мақалалар мен тойға даярлық барысы туралы да құнды материалдар қатары мол. Сонымен қатар, мерейтойлық іс-шаралар барысында түсірілген көркем суреттер, арнайы репортаждар, деректі және көркем фильмдердің фотосуреттері де берілген. Өрине, бұл айтулы шара көпшіліктің, жергілікті басшылықтың ұйымдасқан түрдегі жемісті еңбегі нәтижесінде жоғары деңгейде өткені анық. Осы орайда Абай тойын өткізуге атсалысқан ауыл әкімдері, мекеме басшылары, белсенді ұжымдар жайлы да сыр шертер деректер бар. Және де осы той жайлы ыстық лебіз, салмақты ой білдірген танымал тұлғалардың пікірлері де аталмыш кітаптың арнайы тарауына енгізілген екен.

Туындының жалпы редакциясын ел ағасы, ақын мерейтойындағы шараларды ұйымдастырушылардың бірі Аманғазы басқарған.

Төлеубек Тұсаукесер рәсім барысында алғашқы болып сөз алып, осынау кітап туралы ой толғаған Төлеубек Аманғазы өз пікірін білдіріп өтті. (Басы. Жалғасы 3 бетте)

МАНАРБЕК ЕСІМ
МАҒҰҒ ЕСІМЕ

«ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ
АНАСЫ» АРДАҚТІАЛДЫ

ИТАЛИЯ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ
ЕСТЕҢ КЕЛІПЕС КҮНДЕР

4 - бет

5 - бет

8 - бет

НӨМІРДІҢ
АНДАТПАСЫ



Дипломмен ауылға

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» АУДАНҒА КЕЛГЕН ЖАС МАМАНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастама-сымен республика көлемінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығы бірімізге белгілі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және түру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығы негізінде аудан көлеміне қарасты ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және түру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жұмыстары атқарылууда. Осыған байланысты, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында аталған шараларды жүзеге асыру Абай ауданының экономика және қаржы бөліміне міндеттелген, аталған мамандарға 70 АЕК көлемінде біржолғы көтерме жәрдемақы және 1500 АЕК көлемінде тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беріледі.

Бұл орайда, әлеуметтік қолдау шарасын алуға үміткер маман ауылдық елді мекенге оқу орнын бітіре салып келуі және әлеуметтік салаға тұрақты түрде жұмысқа орналасуы, сондай-ақ тұрғылықты мекенжайын сол елді мекенге ауыстыруы сияқты талаптар міндетті түрде орындалуы тиіс.

Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау шараларын алған әлеуметтік сала маманы сол елді мекенде үш жыл тұрақты жұмыс

істеуге міндеттенеді. Абай ауданына қарасты басқа елді мекенге жұмысын ауыстырған жағдайда, әлеуметтік шараларын алу құқығы сақталады, ал үш жыл өткенге дейін ауылдық елді мекеннен, атап айтқанда әлеуметтік саладағы жұмыс орнынан тұрақты түрде кеткен жағдайда, әлеуметтік қолдау шаралары мемлекет есебіне қайтарылуда тиіс.

Ауылдық елді мекендерге тұрақты түрде жұмыс істеу және түру үшін келген әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін Абай ауданының экономика және қаржы бөліміне төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- көтерме жәрдемақыны және тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алу туралы белгіленген нысан бойынша өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- білімі туралы дипломының көшірмесі;
- сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау актісі;
- көші-қон қызметінен алдыңғы тіркелген жері туралы мәліметтер;
- тиісті елді мекенде тұратындығын растайтын тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;
- тұрғын үйді сатып алуға қажетті құжаттар.

Құжаттар тапсырылатын мекен-жай: Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі №14, Абай ауданы әкімдігі ғимараты, тел: 9-15-59.

Жауапты қызметкер:

Экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Құрман Сандұғаш Орынбайқызы.

Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу соңғы уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылады және өзінің жеке бизнесін құру кезінде жеке және занды тұлғаларда көптеген сұрақтар туындайды. Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың ҚР-ның заңнамасына сәйкестігін тексеруді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беруді, занды тұлғалар туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 (ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылдың 18 маусымында №11384 тіркелді) занды тұлғалардың реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, занды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуі Халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) арқылы өтініш тапсырады. Содан кейін ХҚКО-ның қызметшілері ҚР Заңында қарастырылған тәртіпте Әділет басқармаларына, яғни тіркеуші органдарға ұсынылады. Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың бірі болып қол қояды. Егер де занды тұлғаны тіркеу туралы өтініште шетел қатысуы орын алса, онда (ҚР бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе) өтініштен басқа қосымша келесідей құжаттар тапсырылады: 1) шет мемлекеттің зандары бойынша занды тұлға

болып табылатындығын куәландыратын сау-да тізілімінен занды көшірмесі немесе басқа занды құжаты, нотариалдық куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге; 2) құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжаты мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс. Мемлекеттік тіркеуге құжаттарды тапсырған кезде занды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін (шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғаларды қоспағанда) бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат тіркеуші органға бір мезгілде ұсынылады. Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу балама-лы түрде субъектілердің ықыласына сәйкес «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы берілуі мүмкін. Ол үшін занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтініш «электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырылады және ұсынылады, электрондық цифрлық қолтаңба қойылады. Ал тіркеу алымын төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес, занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін), филиалдар мен өкілдіктердің есептік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжат ретінде ҚР-ның Үкіметімен бекітілген нысан бойынша тіркеуші органмен ұсынылатын анықтама болып табылады.

Сәттібек СӘРСЕНБАЕВ
Абай аудандық әділет басқармасының жетекші маманы

ЕЛБАСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ МЕН ҚОРЫ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАП «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын құрметпен атап өту мақсатында, баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша, алдағы тарихи оқиғаға арналған таңдаулы материалдарға ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік теледидар материалы»;
- 2) «Үздік радиоматериал»;
- 3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
- 4) «Алғашқы БАҚ-тағы үздік жарияла-ным».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға 1 миллион теңге мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – 500 мың және 200 мың теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен

БИЗНЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шығыс Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мониторинг нәтижелері туралы тапсырмаларын орындау бойынша, бизнеске қысымды азайту аясында сотқа дейінгі тергеп-тексеру фактісі бойынша жалған кәсіпкерлік, сондай-ақ салық төлеуден жалтару нәтижесі жөнінде ақпарат береді.

Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер Палатасының қатысуымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның тапсырмасы негізінде осы форумда "кәсіпкерлерді прокуратуралық қадағалау саласында" кәсіпкерлердің құқығын талдау және бизнес субъектілері қылмыстық процесс тұғызатын мәңгі-жайларды заңсыз тарту жөнінде қорытынды жасалды.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ - ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым – қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанауырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді жан – жақты дамытуды басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың бағығын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ф.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

Сәттібек СӘРСЕНБАЕВ,
Абай аудандық әділет басқармасының жетекші маманы

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңы 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енді, осыған байланысты елімізде ақшаны және мүлікті жария ету науқаны басталды.

Қазақстан Республикасы Заңының 13.11.2015 жылғы өзгерістерімен толықтыруларына сәйкес, мүлікті жария ету мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Дегенмен, атап айта өтіп кету керек, жылжымайтын мүлікті жария ету мерзімі – 2016 жылдың 30 қарашасына дейін.

Мүлікті жария ету науқаны Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті заңдастыруы үшін жарияланған.

Жылжымайтын мүлікті жария етуге төмендегі мүлік жатады:

- 1) ақша;
- 2) бағалы қағаздар;
- 3) занды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;
- 4) оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға рәсімделген жылжымайтын мүлік;
- 5) құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ

өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығына тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);

6) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

Қазақстан Республикасының аумағына жататын жылжымайтын мүлікті жария ету үшін мынандай құжаттарды өткізеді:

- 1) екі данада мүлікті жария етуді өткізуге арналған өтініш;
- 2) өтінішті берген кезде түпнұсқасын көрсету арқылы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) объектіге техникалық паспорт;
- 4) ғимараттар мен құрылыстардың барлық құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігі туралы техникалық зерттеулердің експерттік қорытындысы.

Тағы көңіл бөлу керек, субъект 2014 жылдың 1 қыркүйегіне дейін, яғни мүлікті жариялау науқаны басталғанға дейін алынған мүлігін заңдастыра алады. Жария етілетін мүлік те 2014 жылдың 1 қыркүйегіне дейін салынып бітуі керек.

Жария ету субъектілері, мүлікті жария ету мерзімі ішінде сол бір мүлікті жария етуге қайтадан өтініш беруге құқылы емес, тек құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылғанда, ұсынылған құжаттарда өшіріп тазалау мен түзетулер

болғанда, ұсынылған құжаттар талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда қайтарылуда жатады.

Мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттарды қайтаруға негіз болған себептерді жойған кезде, субъект осы Занда белгіленген мүлікті жария ету мерзімі ішінде қайтадан өтініш беруге құқылы.

Комиссия өтінішті 30 күнтізбелік күн ішінде қарап, жылжымайтын мүлікті жария ету туралы немесе жария етуден бас тартуы туралы шешім шығарады.

Жылжымайтын мүлік жария ету туралы шешім шығарылған күннен бастап, жария етілген болып есептеледі. Мемлекеттік тіркеуге жататын жарияланған мүлікті жария ету субъектісі өзі тіркейді.

Мүлікті жария ету - жанашилдық емес, Қазақстанда мүлікті жария ету екі рет өткізілгендіктен, Қазақстанның да тәжірибесі бар. Абай ауданында өткен осы екі кезеңде мүліктердің негізгі бөлігі заңдастырылып кеткендіктен, осы кейінгі кезеңде салыстырмалы түрде аз жұмыс жүргізілген сияқты болып көрінеді. Дегенмен, мүлікті жария ету мерзіміне әлі де талай уақыт бар болғандықтан аудан азаматтарының әлі де ат салысуларын сұраймыз.

Ернұр ЖЕДЕЛҒАЗИН,
Мүлікті жария ету жөніндегі комиссия хатшысы

ТЫҢ ТУЫНДЫНЫҢ АРҚАУЫ – АБАЙ ТОҒЫ



-Хакімнің 170 жылдық тойы облыс көлемінде дүбірлі түрде аталып өтті. Алайда, ұйымдастырылған шаралардың барлығы да республикалық деңгейде деуге болады. Осы орайда «нәліктен бұл тойдан айшықты дерек қалдырмайса...» деген оймен Абайдың 170 жылдығы жайлы 170 беттен тұратын осынау кітапты әзірлеп, басып шығардық. Мұндағы мақсатымыз - келешек ұрпаққа тағылымды мұра, өткен күннен елеулі белгі қалсын деген ізгі ой болатын, - деп атап өтті өз сөзінде Төлкүбек Аманғазы.

Жаңа кітаптың тұсаукесер лентасын еліміздің қазыналы қариялары Байбота Орынбаев пен Шыңғыс Несіпбаевтар қиды. Жиналған зиялы қауым, ақсақалдар қатары «құтты болсын!» айтып, рухани қазынамыздың молаюымен құттықтасып жатты.

Сөз орайында айта кеткен абзал, аталмыш жинақтың жарық көруіне аудан әкімі, мәдениет пен руханият салаларының жанашыры Тұрсынғазы Мүсәпірбеков бас-тамашы болған еді. Баспадан шығуына да жәрдемші болды. Сонымен қатар, өңір басшысының айтуынша, осынау ұлан-асыр дүбірлі той жайында бір жарым сағаттық деректі фильм әзірленгенді. Бұл туындыда да ақын тойына даярлық, өту барысы, һәм оған ересен үлес қосқан абайлықтар жайлы өрнекті ой, кестелі сөз бар. Ал деректі кітап қазірдің өзінде оқырманын тауып, тіпті, мол сұранысқа ие болып үлгеріпті. Сондай-ақ, Абай тойын жоғары деңгейде өткізуге мұрындық болған облыс әкімі Даниал Ахметов пен мәдени саланың жанашыры, аймақ басшысының орынбасары Жақсылық Омар мырзаларға да кітаптың бір-бір даналары тарту етілетін болады.

Сонымен қатар, жиында аудандық **Көкбайдағы көрікті іс**

«БАҒЫННЫҢ ТҮАЕКТЕР» БАҒЕ КЕЛЕДІ

Атамекенін аялап, туған жерінің туын биіктетіп жүрген, жүрегі жомарт, жаны жайсаң, мәрт мінезді азаматтар жетерлік. Осыдан аттай он жыл бұрын Көкбай атындағы орта мектепті бітіріп, әр тарапқа қанат қаққан тұлалар жүйрде туған ауылдарында бас қосты. Сөйтіп, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында 10 жылдық мерейтойларын атап өтті.

Айта кетейік, 1989 жылғы азаматтар өздерінің ұйымшылдықтары мен береке-бірліктерін көрсетіп, ауылдастарымен бірге қуаныштарын атап өтті. Кеше ғана алтын ұямен қоштасып өмір деген өзгенге қайығын салып, әр тарапқа ат басын бұрған көкбайлық 50-ші түлектер осылайша он жылдан кейін бас қосып, ауыл орталығында мәдени іс шаралар өткізді. Атап айтқанда, аудан көлемінде кіші футболдан жарыс, күрес, әйелдер арасында жаяу жарыс өткізді. Сондай-ақ, арнайы «Қаламқас» ән-би ансамбілінен келген ауылымыздың тумасы Жанат Хайсина бастаған әншілер өнерлерін ортаға салды.

Мерейтойлы жиын беташарында ауыл әкімі Ш.Жылқайдар мерекелік шараны ұйымдастырушыларға ақ тілегін ақтарып, кешегі ұл мен қыздардың бүгінгі күні жанұяларымен туған жеріне ат басын бұрып, ауыл халқына мереке ұйымдастырғандары үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар, кездесуге келген түлектерге Жақыпұлы Амантай аға «тұғыры биік туған елдің туын әрдайым мығым ұстаңдар!» деп батасын берді.

Спорттық шаралар өте тартымды өтті. Тартысты ұйымдастырылған кіші футбол жарысында 1-орынды Көкбай орта мектебінің «Мектеп» командасы иеленді. Ал 2-орынға Қарауыл ауылынан келген «Қарауыл жас-

мәслихат хатшысы Ерлан Арнаулы, Жидебайдағы Абай мұражайының менеджері Әсет Мырзақасым, абайлық ақын Төлеген Жанғалиев, карт журналистер Базарбай Бейсенбаев, Совет Махметов, аймағымызға танымал өнер иесі Нағия Бұланбаева ақжарма лебіздерін білдіріп, кітаптің шығуына мұрындық болған аудан әкімі Тұрсынғазы Жантұяқұлына алғыстарын білдірісті.

Өз кезектерінде ел ағалары мен қариялар қауымы да ақжарма лебіздерімен бөлісіп, тілектерін де жеткізіп жатты. Мәселен, Байбота Орынбаев аталмыш жинақ мол данамен тағы да жарық көрсе деген ойын ортаға салды. Себебі, баспадан шыққан не бары 300 дана кітап – жеткіліксіз. Әсем безендірілген, ою-өрнекті, көркем мұқабалы кітапты қалаған жандар сатып алып, сыйлы адамдарға естелікке көдесей ретінде тарту етсе орынды. Түскен қаражатқа кітапты қайта басып шығарса құба-құп болар еді. Ал Шыңғыстау баурайындағы дүбірлі той, оған үлес қосқан аудан тұрғындары жайлы мол мағлұматқа қанықтырар осынау құнды кітап әрбір абайлықтың үйінің төрінде тұрса, тіптен жарасымды дер едік. Бұл әлбетте, дана хакімге ғана емес, туған мекенге, өркендеу мен дамудың даңғылында көш түзеген бүгінгі ауданға, осынау жетістіктерді қолымен жасаушы қазіргі таңдағы қажырлы абайлықтарға деген құрмет-ілтипаттың айрықша көрінісі болар еді. Ең бастысы – рухани қазынамыз тағы бір сүбелі туындымен толықты. Бүгінгі жетістікті еңбек – ертенгі ұрпаққа осы кітап арқылы аманат.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

тары» командасы тұрақтаса, Көкбай ауылының жастарынан құралған «Алаш» командасы 3-ші орын алды.

Спорттық ойын қазақ күресімен жалғасып, балуандар өз күштерін боз кілем төрінде сынады. Нәтижесінде ең жоғары «Көкбай барысы» атағын Фазылұлы Ардақ алып, 1-ші орынды иеленсе, Қуанов Ерқанат-2-ші орынға тұрақтап, Фазылағамов Фархат-3-ші орынды жеңіп алды.

Әйелдер арасындағы 500 метр бойынша өткен жаяу жарысқа да он шақты азаматша қатысып, Нұрланбетова Жадыра 1-ші орын, Жүнісбекова Толқын 2-ші орын, Сүлейменова Жанар-3-ші орын алды. Осы жарыстарға қатысып жүздеді орын алғандар кубоктар және мадақтамалармен марапатталып, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Сондай-ақ, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында 2006 жылғы түлектер футбол алаңының қақпасына сыйға тор әперетіндерін де айтты.

Ал орталық саябақта «Қаламқас» ән-би ансамбілі әншілерінің өнерін тамашалаған ауыл тұрғындары 1989 жылы туған мектеп түлектеріне ризашылықтарын білдіріп жатты. Салтанатты шара ауыл жастарының би кешіне ұласты.

Осылайша туған жердің топырағына бір аунап, абыройлары асқақтаған 1989 жылғы азаматтарға ауыл халқының атынан рахмет айта отырып, әрқашан жолдарың болсын деген ізгі тілек білдірмекпін.

Г.АҚШОЛАҚ,
Көкбай ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

КӘРІМ МӘСІМОВ: ЖИДЕБАЙДАҒЫ МҰРАЖАЙ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Сонымен қатар, үкімет басшысы Кәрім Мәсімов ауданның әр сала бойынша білікті мамандарынан құралған активтерімен жөндеу ақсақалдармен жүздесіп, сұхбаттасты. Ел премьерімен диалогта барысында аудан активтері ізгі лебіздерін әдемі сөздермен өрнектеп, өңірді өркендету тұрғысындағы өз тілектерін де білдірді.

Алқалы топ арасында алғашқы болып сөз алған, ауылшаруашылығы саласының білгір маманы, іскер азамат, «Қасқабұлақ» серіктестігінің басшысы Асқар Мұқатаев Абай елінің негізгі тірлілік көзі – мал шаруашылығы екендігін айта келе, үкімет ұсынған



мыш кәсіпорынның есебінен Абай ауданының 120 тұрғыны еңбекпен қамтылып отыр. Қазір өндіріс қарқынын үдетуге жүйелі күш жұмсаудамыз. Себебі, алдағы меже ауқымды. Алдағы уақыттарда кен байыту кәсіпорынының қуатын жылына 400 мың тоннаға дейін ұлғайту қарастырылуда, - деді өз сөзінде І.Көпей. Үкімет та-

күрделі жөндеу жасалса, сол іске ұйытқы болсаңыз» деген тілегін жолдады. Ал, өз кезегінде үкімет басшысы Кәрім Мәсімов бұл істің орындалатынын көпшілік алдында жария етті.

Ізгі лебіз, ақжарма пейілге толы осынау жүздесуді түйіндеген абыз ақсақал Абай ауданының «Құрметті азаматы», Абайдың ұрпағы Манатай Толғанбаев



мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде тамаша мүмкіндікке қол жеткізгенін баяндады.

-Менің шаруашылығымда бүгінде бес мыңнан астам қой, үш жүздеі ірі қара, 700 жылқы, жүзден артық түйе бар. Токсаннан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмын. Орташа еңбекақылары 65 мың теңгені құрайды. Шаруа адамдарына нәтижелі іс жүргізуге осындай жағдай, тиімді көмек, зор қамқорлық жасағаны үшін ең алдымен Елбасына алғысымды айтамын, - деді Асқар Мұқатаев.

Ауданымыздағы іргелі шаруашылықты басқаратын еңбеккер азаматтың айтуынша, «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында өзі жетекшілік ететін қожалықтағы ірі қара малды бордақылайтын алаңға электр желісі мен су құбырын тартқызып, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 120 бас сиыр сатып алып, мал басын асылдандыруға күш салуда.

Ал мемлекеттің қолдауын айқын сезініп отырған «БАСТ» акционерлік қоғамының директоры Ілияс Көпей Абай ауданы аумағындағы мыс кен орнын барлап, игеру ісін қолға алғандығын атап өтті.

Өткен жылы өңірдегі кәсіпорынымды іске қосып, биыл сол «Максұт» мыс-никель кенішінде кен игеру жұмыстарын бастап кеттік. Оның қуаттылығы жылына 200 мың тонна кен байытуға жетсе, фабрикамыз айына 600 тоннаға жуық мыс концентратын өндіреді. Атал-

рапынан қолдау барда істі ілгерілетудің мүмкіндігі кеңейетінін айтқан жас басшы келешекте жыл сайын 1 млн. тонна кен игеруге қауқарлы кәсіпорын салып, соның нәтижесінде

елімізде атқарылып жатқан іргелі істерге ризашылығын білдіре келе, Ел Президенті Н.Назарбаевқа, билік басындағы халықшыл азаматтарға тілегін айтты. Сөзінің соңында Семейдегі



500-ге жуық тұрғын үшін жұмыс орынын ашуды жоспарлап отырғанын да жеткізді. Ол әрине келер күннің еншісінде. Бұл ретте аграрлық салаға ғана сүйенген ауданға іргелі кәсіпорын салу - өңір экономикасын ілгерілету екендігі анық.

Мұнымен қатар, кездесу барысында орталықтандырылған Абай аудандық ауруханасының дәрігері, жас маман Жанна Ерғазимова сөз алып, жастарға жасалған үлкен қолдау - «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы нәтижесінде ақ халатты абзал жан қатарында халық денсаулығының күзетшісі болып жүргенін жеткізді. Сонымен қатар денсаулық сақтау нысанының талапқа сай жабдықталуы ел жанашырлары нәтижесінде екендігін айта келе, «шартараптан келетін туристердің жиі ат шалдыратын жері, тарихи мекен «Жидебай - Бөрілі» қорық мұражайына

өзежай жолы талапқа сай жөнделсе деген ұсынысын білдіріп, абайлық ақсақалдар атынан ақ батасын берді.

Ал ауданның құрметті қариясына ілтипат білдіріп, сауалына бірден жауап қайырған Кәрім Қажымқанұлы өзежай жолын жөндеу келесі жылы қолға алынатынын жеткізді.

Осылайша, кездесу де түйінделген болатын. Жүздесу соңында аудан активі үкімет басшысымен естелік фотосуретке түсті.

Ал, мәртебелі меймандар осыдан соң Абай, Шәкәрім кесенесін зиярат етіп, рухтарына бағыштап Құран оқытып, дұға жасады.

ҚР Премьер - Министрі Кәрім Мәсімов бұдан кейінгі жұмыс сапарын облыс орталығы Өскемен қаласындағы бірқатар нысандарды аралаумен қорытындылады.

Тоғжан
РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Еске алу кубогі

МАНАРБЕК ЕСІМІ МӘНТІ ЕСТЕ!



Биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Осынау айтулы мерекеге орай ауданымызда көптеген іргелі іс-шаралар жыл басынан бері ұйымдастырылып келеді. Қашанда мәдениеттің, өнердің туын биік ұстап, тау тұлғалары мен саңлақтарын ардақтай білетін Ұлылар елі бұл үрдісті жылма жыл жалғастыруда. Оған дәлеліміз жетерлік. Атап айтсақ, Шығыстау төрінде төрт күн бойы Абай елінің әйгілі тұлғалары ардақталды. Халық болып өнер майталманы, Қазақстанның халық әртісі, жерлесіміз Әмина Өмірзақованың 100 жылдық мерейтойы мен жастайынан спортты серік еткен Манарбек Таутановты еске алуға арналған Қазақстан Республикасының Кубогын дүбірлетіп атап өтті.

Осынау ұлан-асыр тойға алыс-жақыннан мәртебелі меймандар мол келді. Аймақтағы зиялы қауым өкілдерінен «Нұр Отан» партиясының ШҚО филиалы бойынша төрағасының бірінші орынбасары Әнуарбек Мұхтарханов, ШҚО денешынықтыру спорт басқармасының өкілі Жарас Сағадиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов, халықаралық «Абай қорының» президенті Отантай Көрібжанов, ел ардақтылары Бекен Теміров, Молдабек Жанболатов, Бекен Имаханов сынды ағаларымыз арнайы келіпті. Сонымен қатар, Әмина Өмірзақованың туыс бауырлары, «Тақиялы періште» фильміндегі Тайлак рөлін сомдайтын ҚР-ның мәдениет қайраткері, Алматы облысының «Құрметті азаматы» Әлімғазы Райымбеков ағамыз, Серікбай Маусымбаев, Шаған Жұмақсанов, Ерлан Оразалин, Ғалым Қуанышбаев, Жаксыгелді Екібаев және тағы бірқатар ел азаматтары мәртебелі меймандар қатарын толықтырды.

Аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков бастаған аудан басшылары, ел ағалары, арнайы шақырылған сыйлы қонақтар ең алдымен хакім Абай мен тарихи тұлға Мамай батыр ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойды. Осыдан соң даңқты палуанымыз, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, ҚР спорт қайраткері, Абай ауданының Құрметті азаматы Манарбек Таутановты еске алуға арналған ел кубогының ашылу салтанатына қатысты.

Қазақ күресі – нағыз текті күрес түрі. Балуандардың жауырыны толық жерге тисе ғана таза жеңіс болып есептеледі. Ол нағыз білек күші бүлкінген, қарсыласының жігерін құм қылған апайтөс алыптардың күресі. Сондықтан қазақ күресінің келешегі – кемел, болашағы жарқын. Арыдан бастау алған осынау бабалар дәстүрі- қазақ күресінен аудан тарихында айрықша із қалдырған Орта Азия мен Қазақстан чемпионы болған Н.Сәдуақасов, Қазақстанның екі мәрте түйе палуаны Мағауия Оразбеков, Қайырбек Дүрмекбаев, Манарбек Таутанов сынды көптеген спорт саңлақтарының есімдерімен әйгілі. Осы үрдісті бүгінде әлем чемпиондары Зекең Шаймарданов, Мереке Тұрашев, «Қазақстан барыстары» Айбек Нұғымаров пен Мұхит Тұрсыновтар лайықты жалғастырып келеді. Аудан командасының қазақ күресінен облыста, республикада үнемі алдыңғы орындарда көрініп жүргені осының айғағы. Киелі жердің туын жоғары ұстап, текті елдің абыройын биікке көтеріп, жұртының намысын жыртып, тұғырын мұқалтпай, туын жұқартпай белдескенді белден басып, күрескеннің аяғын көктем келтіріп, жауырыны жер иіскемеген апайтөс дақты палуандарымыздың алты Алаш алдында атағы асқақ! Байрақты бәсекеде еңселі еліміздің көк байрағын желбіретіп, Әнураны әуелетіп, ел үмітін ақтап жүрген ерлеріміз қаншама!

Абай елінде өз перзенттеріне, спорт саңлақтарына көрсетілетін құрметі қашанда ерекше. Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, Абай ауданының «Құрметті азаматы» Манарбек Бекенұлы Таутанов атындағы республикалық турнир жылма жыл өз жалғасын тауып келеді. Өткен жылы Абайдың 170 жылдық тойы қарсаңында 4-ші мәрте өткізілсе, енді міне, араға жыл салып Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып 5-ші мәрте жалауын көтерді.

Елі ер қылып төріне шығарған, тасқа салса да мұқалмайтын қайтпас қайсар, өр тұлғалы даңқты ұлымыз, Қазақстанның

екі мәрте түйе палуаны болған Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, дзюдо бойынша ҚР-на еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбо күресінің майталманы, Абай ауданының «Құрметті азаматы» марқұм жерлесіміз Таутанов Манарбек Бекенұлы еске алуға арналған Қазақстан Республикасының кубогын «Аға Сұлтан» алаңында республиканың түкпір-түкпірінен келген жарысқа қатысушылар мен спорт майталмандары, Манарбек Таутановтың аяулы жары Гүлмира да, спорттағы үзентілес достары, яғни еліміздің



тоймен құттықтап, Манарбектей оғланымыз жайлы ой толғап, палуандар бәсін ашық деп жариялап, жас балуандарға жеңісті күндер тіледі.

Мемлекетіміздің Әнуранымен асқақтата басталған турнирдің ашылу салтанатында ізгі тілек білдіргендер қатары мол болды. Атап айтсақ, сөз алған ҚР-сының мемлекеттік жаттықтырушысы Марат Жақыт ақжарма ләбізін арнап, аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбековті осындай ауқымды турнирді биік дәрежеде ұйымдастыруға атсалысқаны үшін «Алғыс хатпен» марапаттады. Осыдан соң ҚР-сы төрешілерінің төрағасы Шалқар Жоламанов Республикалық Кубоктың өту тәртібімен таныстырып, жарысқа қатысушыларға сөттілік тіледі. Ешкімдібей-жай қалдырмайтын, намысты жанып,

Әлем, Азия, КСРО-ның чемпиондары, шәкірттері, аудан тұрғындары турнирді тамашалауға жиналды. Қажымұқанның ізбасарлары үшін аланның екі бұрышына екі қазақ үйі тігіліп, 24 метрлік шатырланған арнайы подиум орна-



тылды. Сахнада ұлтының намысы болған отты ұлы Манарбек Таутановтың атындағы ҚР Кубогы екендігін әйгілейтін баннерлер ілініп, Манарбекті еске алуға арналған республикалық турнир жарыстарының жеңіс тұғырынан көрінген палуандардың қуанышты сәттері ләд-экраннан үздіксіз көрсетіліп тұрды. Боз кілемдегі байрақты бәсекені түсіруге жергілікті баспасөз құралдары өкілдерінен өзге «Ертіс өңірі» газетінің журналистері, «Қазақстан Өскемен», «ТВК-6» телеарналарынан арнайы тілшілер қауымы келді.

Байрақты бәсекеге арнайы шақырылған мәртебелі қонақтар сапында ҚР-ның мәдениет қайраткері, Алматы облысының құрметті азаматы Әлімғазы Райымбеков ағамыз, сондай-ақ Семей қаласынан арнайы шақырылған зиялы қауым өкілдері, қадірменді ақсақалдарымыз бен «Нұр Отан» партиясының ШҚО филиалы бойынша төрағасының бірінші орынбасары Әнуарбек Мұхтарханов, ШҚО денешынықтыру спорт басқармасының өкілі Сағадиев Жарас Болатханұлы да осы салтанатты шараға куә болысты. Қазақтың ұлы балуаны, Қажымұқан Мұнайпасов екені барша жұртқа жаксы мәлім. Қажымұқан қазақ күресінің жілігін шағып, майын ағызғандығы бізге қазақ киномотографиясы арқылы жеткен болатын. Сол «Қажымұқан» фильмінде балуан Қажымұқан бейнесін сомдаған актер, ҚР-ның мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы Әлімғазы Райымбеков ағамыздың осы күні ұлылар елінде, батырлар төрінде қонақта болуы барша абайлықтарды қуанышқа бөледі.

еңгілік пен шымырлықтың бәсекесі, жігіттердің ерік жігері мен білек күшін байқататын қазақ күресіне де осылайша кезек келді. Төрешілер таныстырылған соң, бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнаған палуандар белдесуінде сайдың та-сындай іріктелген Қазақстанның 15 облысынан 55, 60, 66, 74, 82, 90, 100 және 100 келіден жоғары салмақ дәрежесіндегі жиыны 160-

қа жуық балуандар күш сынасты. Жарыс өте тартысты өтті деуге болады. Қазақ күресінің қарыштап дамуы жоғары деңгейде екенін байқадық. Күрестің әр түрінен, мысалы самбо, дзюдо, еркін күрес, грек-рим спортымен айналысып жүрген спортшылар да осы қазақ күресіне қызығып қатысып жатыр екен. Әрі бұл жолы кубокқа «Қазақстан барысы» жобасына қатысып жүрген білекті ұлдар да келіпті. Жарыстың бірінші күні жан-жақтан келген балуандардың салмақтары өлшеніп, қонақүйлерге орналасқан болатын. Ал, екінші күні өткен ашылу салтанатынан соң командалық жарыста жүлделер сарапқа салынды. Нәтижесінде I-орынды Астана қаласы, II-орынды Алматы қаласы, III-орынды Қостанай мен Жамбыл облысы өзара бөлісіп, қанжығаларына байлады.

Жарыс үшінші күні де жалғасын тапты. Кілем үстіндегі палуандар айқасы бір сәт те толастамады. Ал төртінші күні ақтық белдесулер басталды. Ашық аспан астында төселген бозкілемде сайдың тасындай ірі денелі, елінің рухын асқақтатып, намысты жандырып жүрген палуандар ақтық сайыста өз мүмкіндіктері мен ойын ережесіне сай шеберліктерін көрсетті. Сөйтіп, еліміздің он алты облысынан келген Қажымұқанның ізбасарлары Абай төріндегі аламанның көрігін қыздырды.

Күрес десе қаны қызбайтын қазақ бар ма?! Делебесі қозған көпшілік түс-түстан кикүлап, кілемдегі ұлдарын барынша қолдап бақты. Әсіресе, түйе палуандыққа талас мейлінше тартысты өрбіді. 90 келі мен 100 және 100 ден жоғары келідегі балуандар бірін-бірі алып та, шалып та жығып, боз

кілемде атой салды. Осылайша,

Манарбек Таутанов атындағы қазақ күресінен өткен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасы Кубогі де өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар қатары белгілі болды. Бәсеке нәтижесінде осы жарыста айла асырып, күші басым түсіп жеңіске жеткен I-II орын иеленген балуандарымызды атап өтсек, 55 келі салмақта I-орынды Алматы қаласынан келген Нигматуллаев Марат, II-орынды Қостанай облысынан Мұхамбетжанов Әлішер иеленді. 60 келі салмақ бойынша I-орынды Солтүстік Қазақстан облысынан Ілсебеков Олжасбек олжаласа, II-орын шығыстық Мейіржан Берекетовке бұйырды. Ал 66 келі салмақ дәрежесі бойынша I-орынға оңтүстіктік Дәмен Дәурен, II-орынға Алматы облысының балуаны Сатыбалдинов Амангелді ие болды. 74 келі салмақ дәрежесі бойынша 22 балуан өзара белдесіп, нәтижесінде I-орынды Солтүстік Қазақстан облысының балуаны Қайырбек Батырхан, II-орынды қарағандылық Айдос Ғалымов жеңіп алды. 82 келі салмақта I-орын иеленген астаналық Өтеулиев Қажымұқан қанжығасын майласа, II-орынға оңтүстіктік Беккүлұлы Әл-Фараби жеңіске жетті. 90 келі дәрежесі бойынша алматылық Жұмахметов Әлімжан I-орынмен қоржынын толтырса, II-орынды павлодарлық Махамбетов Ислам бағындырды. 100 келі салмақ дәрежесі бойынша жүлделі I-орынмен астаналық Сейділдаев Ғани, II-орынмен Алматы облысының балуаны Сәкенұлы Жігер марапатталды. Ақтық белдесуде 100 келіден жоғары салмақ дәрежесі бойынша I-орынға шыққан Алма-

ты қаласының балуаны Әбдіразақов Руслан, II-орынды шығыстық Айбек Қалибеков қанжығасына бөктерді. Түйе балуандыққа таласқан балуандар жекпе-жегінде атан жілік, апайтөс Астаналық Айбат Сейтен қарсыластарын шақ келтірместен «Түйе балуан» атанды. Осыдан соң салтанатты түрдегі марапат рәсіміне кезек берілді. Кубок жеңімпаздары мен қоса спорт саласының дамуына үлкен үлестерін қосқан жаны ізгі демешілерге де алғыс айтылып, қошемет-құрмет көрсетілді. Жүлде қорына келсек, жекелей салмақ дәрежесіндегі жеңімпаз балуандарға I-орынға 300 мың теңге, II-орынға 100 мың теңге, III-орын алған екі балуанға 80 мыңнан табыстал-

ды. Ал «Түйе балуандарға» I-орынға 500 мың теңге, II-орынға 200 мың, III-орынға 100-100 мыңнан берілді. Жүлде қорының қомақты болғаны анық. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, алыстан ат арытып келген қаншама қонақтарды қарсы алып, спортшыларды орналастырып, турнирдің өз мәнінде өтуіне үлкен үлес қосып, спорт саңлағын ұлықтауда ауданның мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Қалиев Қуат Барысұлы бастаған ауданымыздағы Манарбек Таутанов атындағы жаңадан ашылған спорт мектебі ұстаздарының еселі еңбектерін атап өткеніміз жөн. Сондай-ақ, турнир барысында жанының жомарттығымен танылып, демеші болған барлық азаматтарға, яғни Әмина Өмірзақова апамыздың 100 жылдығымен қатар ұйымдастырылған Республикалық Кубокті өткізуде белсене атсалысып, қолдау көрсеткен жандарды атап өту ләзім. Олар Шанғараев Айжан, Ерденбеков Мұрат, Өзбекханов Қуат, Мұқанов Ержан, Сексенбаев Әділ, Қабдрахманов Ербол, Оразалин Шаған, Оразалин Ерлан, Аяпбергенов Қымбат, Омаров Мұрат, Мағауия Махмұт, Сексенбаев Серік, Жарылғапов Аян, Шымырбаев Қайсар, Садыханов Бауыржан, Көнекбаев Тлеуберді, Мүсәбаев Қанат, Қалиев Қуат, Жарылғапов Мақсат, Жанбырбаев Талғат, Абелдинов Есен, жары Таутанова Гүлмира сынды ел мерейін асырған азаматтарға Абай жұртшылығы атынан ризашылығымызды білдіреміз. P.S: Осылайша, Абай елі өз ұлын, өр ұлын тағы бір мәрте еске алып, қадір тұтты. Бүгінде өмірде жоқ болса да оның атына дүбірлі турнир өткізді. Шығыстау төрінде 2012 жылдан бастап бесінші мәрте орын алып отырған Манарбек Таутанов атындағы Республикалық турнирдің жыл сайын манызы арта түспек. Бұл бір есептен өскелең ұрпақ үшін ұйымдастырылған ұлағатты іс екені анық!

Осынау дүбірлі дода барысында біз осыны аңдадық, нәм осыған қуандық.

Абай елінің спорттағы атағы да Манарбек сынды даңқты балуан ұлдарымен бірге мәңгілікке асқақтай бермек.

Анар СӘРСЕНБИНА,
«Абай елі»

Әмина Өмірзақованы еске алу

“ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ АНАСЫ” АРДАҚТАЛДЫ



Ұлттық кинематографиямызда қазақ әйелінің рөлін сан қырынан сомдап, қайталанбас ерекше бейнелер жасай білген Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әмина Өмірзақованың 100 жылдығы қарсаңында Қарауыл төрінен әйгілі актрисаның ескерткіш бюсті ашылды. Қазақ киносының жұлдызына айналған әйгілі тұлғаны жерлестері ерекше қошеметпен еске алды. Олай дейтініміз осынау күні өнер тарлаңы Әмина апамызға арналған салтанатты түрдегі еске алу кеші ұйымдастырылды.

Жайдары жүзді, көңілі ақ, күлкісі ерекше талант иесін күллі халық көгілдір экран арқылы жақсы біледі. Әйтседе, А.Карповтың “Ана туралы аңыздығы Ана бейнесі, “Тақиялы періштедегі” аңқылдаған Тана апай және өзге де сәтті шыққан рөлдері арқылы етене танығанымен көпшілік Әмина апамыздың Қарауылдың ерке қызы екендігін біле бермейді. Бұл жайт еске алу кеші бары-



еселеді. Әмина Өмірзақоваға арналған ескерткіш-бюсттің ашылуына ауданның белді кәсіпкерлері мен мекеме қызметкерлері бір

шағын жиында Әмина апамыздың әріптесі әрі сыйлас шәкірті болған актер Әлімғазы Райымбеков сөз алды.

Қазақ киносына ерекше леп әкелген, өзіндік қайталанбас қолтаңбасын қалдырған Әмина Ерғожақызы жайлы тебірене сөйлеген ізбасары өзінің 15 киноға түскендігін айта келе, актерлік өнерде Әмина апамыздың берген ақыл-кеңестері мен тәлім-тәрбиесінің ерекше көмек болғанын жеткізді. Сонымен қатар, даңқты актриса жайлы көңіл төрінен суыртпақтап естеліктер айтты.

Сондай-ақ, халықаралық Абай қорының президенті, Абай ауданының «Күрметті азаматы» Отантай Көріпжанұлы да Әмина апамыз жайлы естеліктерін бөлісті.

Сахнадағы сара жолына тоқталған халық әртісі, жерлесіміз Бекен Имаханов жылы пікірімен ортақтасты.

Ал басқосу қорытындысында апамыздың туысы Зейнолла Әбеуов осынау шараға ұйытқы болған аудан басшыларына, ел азаматтарына алғысын жеткізіп, баталы тілек білдірді.

Осыдан кейін аудандық Мәдениет үйінде Әмина Өмірзақоваға арналған салтанатты түрдегі еске алу кеші өтті. Мұндағы жиын барысында да қазақ киносының жұлдызы жайлы тұшымды пікір, ескіріс естеліктер легі ақтарылды. Әсіресе, танымал ғалым Арап Сләмұлының өнер иесінің өмірбаянын қамтыған баяндамасын көпшілік ұйып тыңдады. Әмина апамыз кәсіби шеберлігін жетілдіру жолында көп ізденген жан. Сонау 1938 жылы Ленинград төріндегі мемлекеттік сахна өнері техникумының (кейін Ленинград театр, музыка және кинематография институты) қазақ студиясын бітіруі соның айғағы. Апамыз сонымен қатар Шымкент облыстық драма театрында, «Қазақфильм» киностудиясы мен Қазақ балалар мен жасар театрында елеулі жылдар бойы еңбек еткен болатын. Кино әлеміндегі жарқын жетістіктері үшін алған орден, медальдары бір төбе.

Сонымен қатар жиын барысында аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков құттықтау сөз сөйлеп, апамыздың өнегесін көрген ең жақын шәкірті Әлімғазы Райымбековке



Бір ойығы бар еді Қарауылдың,
Отанында ой менен дала жырдың.
Сол ойығы бүгінде бүтінделіп,
Ай мандайы «жарқ» етті Анамыздың.

Алашқа мәшһүр болып баяғыда,
Аяулы даңқы жеткен қазағына.
Туған жер топырағы жаңа тиді,
Ардақты Анамыздың табанына.

Келін іздеп жүр еді басқа жақта,
Күндіз-түні зымырап атқан оқша.
Өзімізді өзіміз сыйлай алмай,
Өзгелер қаратқан соң қас, қабатқа.

Тәубе, Құдай, Тәуелсіз күнімізге,
Тәңірсіздік жетуші еді түбімізге.
Қасиетті күлкісін күндей қылып,
Күн-Ана кіріп келді үйімізге!

Кешегі Зере-әженің ізі қалған,
Ұлжандай - ұлы Ананың үйі болған.
Шыңғыстау шын қуанып жатыр бүгін,
Алатаудан қайтарып қызын алған!

Ей, халқым, қуанбасқа шараң бар ма,
Ел қызы ел төріне оралғанда.
Тақиялы періште тапқан ана,
Тарихын табыстады әрең қолға!

Ұлыларды тудырған топырақтың,
Осылай маздап жанып оты жатың.
Сөзіне ақындардың арқау болып,
Көзіне құм құйылсын ақымақтың!

Тастамай тар көрге де, табытқа да,
Таланттарын іздейтін халық қана.
Пердесін пенделіктің сырып тастап,
Пейілін төге берсін періште Ана!

**Төлеген Жанғалиев,
Абайлық ақын**

осындай іргелі шараға ұйытқы болғандары үшін алғысын білдіре келе, аудандық Мәдениет үйіне даңқты жерлесіміздің атын беру жайлы айтып өтті. Бұл ретте аудан басшыларының бастамасымен ұсыныс көтеріліпті. Аталмыш ұсыныс бүгінде құзырлы орындар тарапынан қаралып жатыр екен.

Әлбетте, Абай еліндегі қандай мәдени шара болмасын ән мен жырсыз өтпейтіндігі белгілі. Осынау кеш барысында да «Қаламқас» халықтық ән-би ансамблі мүшелерінің әзірлеуімен мерекелік концерт орын алды. Бір айта кетерлігі сол, «қаламқастықтар» Әмина апамыз қатысқан спектакль мен кинодағы бейнелерді де сомдады. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын» шығармасындағы Маржан рөлінен үзінді және «Тақиялы періште» фильмінің тартымды эпизод көрсетті. Орынды сахналық көріністерге риза болған зал толы көрермен қошемет білдіріп, ұзақ қол соқты. Бейнебір көз алдымызға нағыз



күрмет-қошеметпен иығына оюлы шапан жауып, ат мінгізді.

Өз кезегінде қазақ киносының бірқатар туындыларына түсіп, көрерменге танымал болған байырғы актер де осындай шара ұйымдастырғандары үшін алғысын жеткізді. Сонымен қатар, сан фильмге түссе де өзіне үлкен танымалдылық әкелген «Тақиялы періште» киносында әріптес болған Әмина Өмірзақова жайлы да ілтипатты пікір білдірді. Жерлес ақынымыз Төлеген Жанғалиев біртуар өнер иесі Ә.Өмірзақова рухына арнап «Періште ана» жырын төгілті.

Мұнымен қатар еске алу кеші барысында апамыздың туыстары да сөз алды. Әсіресе, Әмина Ерғожақызының тәлімін көрген туыс бауыры Серік Төлеуғалиұлы толғана сөйлеп,

сында да айқындалды.

Өнер иесіне құрмет әсіресе кейінгі буынға өнеге көрсету үшін қажет. Мақтан тұтар даңқты жерлестеріміздің көш басында тұрған Әмина Өмірзақова да сондай бірегей тұлға. Осы ретте игілікті іске бірінші кезекте аудан басшылығы ұйытқы болған еді. Сондай-ақ ауданымыздағы мәдениет саласының қызметкерлері, өнер жанашырлары мен әйгілі актрисаның ұрпақтары бірлесе отырып жерлесімізге арналып естелік белгі орнатылса деген ниетпен аудандық Мәдениет үйінің алдына Әмина апамыздың мүсінін орнатқан еді. Бұл ескерткіш ауданымыздағы балалар көркемсурет мектебінің колөнер шебері Сәтбек Сызғановтың икемді қолынан шыққан туынды. Осыған дейін талай тарихи мүсіндерде қолының таңбасы қалған Сәтбек ағамыз бұл жолы да Әмина апамыздың кескінін келістіре жасапты.

Сөз орайында айта кетелік, 87 жасына қараған шағында жарық дүниемен қоштасқан Әмина Өмірзақова өнер әлеміндегі даңқты жолында 50-ден астам кинофильмге түсіпті. Сонымен қатар театр сахнасында да тамаша рөлдерін көрермен жадында мәңгіге жатталып қалды. Сөз жоқ Әмина Ерғожақызының есімі қазақ кинематографиясы мен драматургиясының тарихында өшпестей болып жазылғаны анық.

Біртуар талант иесін еске алуға арналған мерекелік кешке актрисаның туыстары, әріптестері, ізінен еріп, тәлімін көрген шәкірттері арнайы келіпті. Мәселен, актер, ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Күрметті азаматы, «Қазақфильмнің» алтын қоржынындағы ерекше саналар комедиялық фильм «Тақиялы періште» киносында Тайлақтың рөлін тамаша сомдаған Әлімғазы Райымбеков те келіп, шараның ауқымын

күндік еңбекақыларын беріп, демеушілік жасаған еді. Аз уақыттың ішінде әзірленген мүсінінің ашылуына алыс-жақыннан меймандар көп келіпті. Аталмыш шараға облыс орталығы Өскемен қаласынан «Нұр Отан» партиясының ШҚО бойынша филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әнуарбек Мұхтарханов және профессор, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, туыстары, Қарауыл ауданының жұртшылығы жиылды.

Ескерткіш тақтаны ашу құрметі «Нұр Отан» партиясының аймақтық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әнуарбек Мұхтарханұлы мен аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбековке және осынау шара мейманы актер Әлімғазы Райымбековке берілді.

Әмина апамыздың мүсін бейнесінен де дәл өмірдегі тәрізді аналық мейрім төгіліп тұр екен. Қонақтар қатары ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойып, тағзым білдірді.

Осыдан соң жиналған көпшілік алдында аталмыш шараға ұйытқы болған бастамашылардың бірі, өнер мен мәдениет жанашыры, аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков сөз алып, осынау игілікті істің мән-маңызылығына тоқталып өтті.

Әлбетте, өткенге құрмет көрсету, оның ішінде өнер адамдарын өнеге тұтып, кейінгі буынға үлгі ету берері мол тағылымды іс. Өмірін халқына арнаған, сахна әлемінің хас шебері Әмина Өмірзақова сондай жандардың бірі. Даңқты жерлесіміздің 100 жылдығы қарсаңында артындағы туған елінің құрмет білдіріп, еске алып, ескерткіш орнатуы ерекше өнер иесіне деген құрмет. Бұл ретте осынау игілікті шараның орын алуына ауданның жанашыр азаматтары демеушілік жасағанын, ерекше үлес қосқанын атап өткен аудан басшысы баршасына ризашылық білдірді.

Осыдан кейін ескерткіш жанындағы

кино тамашалап отырғандай әсер қалдырды. Әмина Өмірзақованың образын ашық жарқын күлкісіне дейін келісті сомдаған «Қаламқастың» белді әншісі Нұргүл Демесінова болса, Тайлақ рөлін қазақ театрының шағын сахнасынан шыңдалып келе жатқан құндыздылық мәдениет қызметкері Ерғанат Төлендиев, ал ғашығы Айшаны Назгүл Толымбекқызы, Тананың құрбысы образын «қаламқастық» әнші Жанат Хайсина үздік сомдап шықты. Біз мұны Әмина Өмірзақованың талантына, оның қазақ киносындағы қалдырған бай мәдени мұрасына деген ерекше құрмет деп білдік.

**Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»**

«Семей» полигонының жабылғанына 25 жыл

АЗАМАТТЫҚ АНТЫМ ОРЫНДАҒАН АДАМ

Үстіміздегі жылы қазан айының ызғарлы күндерінің бірінде үйге бейтаныс жігіт келіп, әкем Ұлы Отан соғысының ардагері Жағыпар Жүнісжанұлына бір парақ ұсыныс хатқа қол қоюын өтінді, ұсыныстың мәтіні шаруашылық жүргізудің шебері, полигонды жабуға алғашқылардың бірі болып белсене ат салысқан Мұратхан Қорғанбаевқа көше атын беру екен. Қол қойдырып болған соң, мен: «Мұратхан ағаның баласымысың?», - деп сұрадым. Ол бірден: «Иә, есімім Досымхан», - деп жауап қайырды.

Менің көктен іздегенім жерден табылғандай болды, өйткені Қарауылдағы тарихи-өлкетану мұражайында ол кісі жөнінен ешбір дерек жоқ болатын.

- Мүмкіндігін болса, әкең туралы деректерді мұражайға тапсырсаң жөн болар еді, - дедім.

Көп кешікпей Досымхан Мұратханұлы әкесі жөнінен жинақталған орден-медалдарын, кітабын, фотосуреттерін, көптеген құнды суреттерді мұражайға беріп жіберіпті.

Мұратхан Қорғанбаевты мен аудандық партия комитетіне қызметке орналасқан өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан жақсы білемін. Дастархандас болмасак та, іссапармен ол басқарған шаруашылықтарға барғанда міндетті түрде ол кісіге арнайы кіріп сәлем беретінмін. Партия комитетінің хатшысы болмай қалғанда фермаларды аралауға көліктен көмектесетін.

Мұратхан Қорғанбайұлы 1 мамыр 1938 жылы Саржал ауылындағы береке-ынтымағы жарасқан қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келді. Әкесі Қорғанбай ұлының табиғи зеректілігін байқап, оны бала күнінен атбегілік, палуандық, әншілік өнерлерге баулыған. Мұратхан Саржал орта мекебін бітірген соң, еңбек жолын 1956 жылы Абай атындағы кеңшарда ферма мал дәрігерінің көмекшісі қызметінен бастайды.

1958-1961 жылдары Семей ауылшаруашылық техникумын үздік бітіріп, Бірлік кеңшарында мал дәрігері, кейіннен ферма менгерушісі болып қызмет атқарады.

1971 жылы экономика-сы құлдырап кеткен, Архат кеңшарына директорлық қызметке жоғарлатады.

Архат өңірінің өрге басып өркендеуі осы Мұқанның арқасы десек еш қателеспейміз. Оның бойында қарапайымдылық, ұстамдылық пен біліктілік қасиеттер ұштасып жата-тын.

Өзіне және кадрларға талап қоюдың нәтижесінде экономикалық жағынан әлсіз шаруашылық бірер жылда облыстағы алдыңғы қатарлы кеңшарлардың сапына қосылды.

Соның нәтижесінде әр жүз саулықтан 102 қозы алынды, бордақыға қойылған әр бас ірі қараның орта салмағы 500 кг асып жығылды, екпе шөптің көлемі ұлғайып, барлық дайындалған мал азығын түгелдей тайлап буып, дер кезінде қыстақтарға жеткізу – дағдылы іске айналды.

Мемлекеттік жоспарлар жыл сайын асыра орындалып, кеңшар Одақтық, Республикалық, облыстық, аудандық жарыстардың жеңімпазы атанды.



М.Қорғанбаев сол кездегі ең жоғарғы мемлекеттік награда – Ленин орденімен марапатталды.

1982 жылы СОКП-ның атакты май Пленумына сәйкес артта қалған Жданов атындағы кеңшарды көтеруге Мұратхан Қорғанбаев жіберіледі. Осыдан біраз бұрын, Жданов атындағы совхозда көзбояушылық жасаған мәлімет беру орын алып, істеп жүрген директоры аудандық партия комитетінің бюросында есеп карточкасына жазылған соғис алып, қызметінен босатылған болатын.

Біраз жылда бір кездегі 1,5 млн сом заламен жұмыс жасайтын шаруашылық 1 млн 100 сом таза пайдамен шықты. Жданов атындағы

кеңшар Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпазы атанып, СОКП Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жданов атындағы кеңшарды озаттар қатарына қосқан ол, 1987 жылы өзінің туған жері Саржал ауылындағы кеңшарды басқаруға жіберіледі.

Осы жерде жүріп ол полигон зардабының қасіретін тартқан жүздеген адамның зары мен қайғылы мұңын естіді.

1989 жылы ақпан айында мемлекет қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов астанамыз Алматыда «Невада-Семей» қозғалысын ұйымдастырып, тұңғыш рет полигонды жабу жөнінде митинг өткізді.

Мұратхан Қорғанбаевтың іздегені де осы еді, дереу О.Сүлейменовпен хабарласып, Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында митинг өткізу жөнінен ұсыныс айтады. 1989 жылдың жаз айларының бірінде Абай ауданының мындаған халқы Қарауыл ауылынан Қарауыл төбесіне дейін шеру ұйымдастырады.

Шерудің алдыңғы сапында

О.Сүлейменов, М.Қорғанбаев, Т.Слямбеков, ауданның бірінші басшысы Х.Матаев, ақын Т.Жанғалиевтер жүрді.

Бұл Қызыл империяның дүркіреп тұрған кезіндегі үлкен тарихи оқиға еді...

М.Қорғанбаев Абай ауданының жан айқайын облыс, республика басшыларына жеткізу үшін бірнеше рет Абай ауданы халқы атынан хат жолдады.

Елдің жан айқайын естіген Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 29 тамыз 1991 жылы полигонды жабу жөнінде жарлық шығарды.

Полигон жабылды, бірақ оның зардабы жойылған жоқ. Осы орайда М.Қорғанбаев елдің жағдайын жақсартуға байланысты республикалық дәрежеде Заң қабылдауға

бар күш-жігерін жұмсайды. 1992 жылы шілде айының 9-ы күні облыстық кеңестің кезекті сессиясында (ол кезде М.Қорғанбаев облыстық кеңестің депутаты болатын) қолын көтереді, оны басқарып отырған облыстық К.Бозтаев байқап қалып, сөз берді.

«Сіздер, бағанадан, объектілерді салу жөнінде мәселе көтеріп жатырсындар. Оның бәрі дұрыс. «Семей ядролық сынақ полигоны», деп жатырмыз, сол сынақ Саржал ауылынан 16-18 км жерде жүрді, қасірет деген осы! Осы жағдайларды баяндап Қазақстан премьер-министрі С.Терешенко, облыс әкімі В.Ф.Черновтың атына бірнеше рет хат жаздым, бірақ нәтиже жоқ.

Осыдан кейін К.Бозтаев сөйлеп:

«Осы мәселе жөнінде астанаға комиссия жібергелі отырмыз, оның құрамына М.Қорғанбаевты да енгізу керек! – деп тұжырымдады.

Арада біраз уақыт өткенде К.Бозтаев М.Қорғанбаевты шақыртады да: «Құрамында В.Белоусов цемент зауытының бригадирі, облыстық кеңестік депутаты, Абыралы ауданы әкімінің орынбасары Б.Жәкішев және сен Алматыға барасындар. Бүгін жергілікті уақыт бойынша сағат 12 жарым-да ұшасындар. Сағат 16да вице-президент



Ядролық сынаққа қарсы құрылған Невада – Семей қозғалысының бастамашылары О.Сүлейменов, Х.Матаев, М.Қорғанбаев

Е.М.Асанбаев қабылдайды. Ал ертенгі күні сағат 11-де Жоғары Кеңестің төрағасы С.Әбділдин қабылдайтын болады. Айтқан уақытында комиссия мүшелері Алматыға келді.

Е.М.Асанбаев: «Уақыт тығыз, Сіздерге 15 минут қана уақыт беріледі, - деп түйіндеді. М.Қорғанбаев өз ойын жинақтап, 15 минутқа сыйдыртып сөйлей жөнелді. Әбден тыңдап

отырмыз. Ядролық сынақтарды хайуанаттармен бірге адамдар бастан кешірген өңірден келдік. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жарияланған соғыс болса, 40 жылдан астам «жарияланбаған соғыс» қасіретін тартқан елден келдік.

С.Әбділдин: «Айтылған мәселелер өте орынды, ол жөнінде Республикалық комиссия құрылады. Полигонға таяу орналасқан елді-мекендерге ядролық жарылыстардың зардаптарына орай төлемді өтемақының мөлшері жеке қаралуы қажет», - деп сөзін түйіндеді.

Содан М.Қорғанбаев біраз жұмыстардың бетін қайырып, ауылына оралды.

Арада бірер ай өткен соң М.Қорғанбаевқа облыстық Кеңестің төрағасы К.Бозтаевтың көмекшісі В.М.Башилов телефон шалады:

«Кешірім Бозтайұлы бүгін Алматыға жүргелі жатыр. Семей полигонына республикалық комиссияның отырысы болады. Соған сіз қатыса аласыз ба?»

Ойланып тұруды уақыт көтермейді, Мұқан бірден келісе кетеді.

Тағы да Алматы, тағы да комиссия отырысы.

Семей полигонына байланысты құрылған комиссия төрағасы Т.Токтаров хабарлама жасайды. Осы жоба бойынша А.Жағанова, Ә.Кекілбаевтар құнды пікірлер айтады. М.Қорғанбаев атом полигоны аймағында болып жатқан жантүршігерлік жағдайды қаз-қалпында баяндап береді.


Мұратханнан кейін Т.А.Ізмұханбетов, К.Бозтаев сөйлейді.

Жоғарғы Кеңестің төрағасы С.Әбділдин отырысты қорытындылай келіп:

«Жаңа Сіздердің алдарыңызда сөз сөйлеген Абай ауданы Тельман атындағы совхоздың директоры. Ол 30 жыл бойы шаруашылықты басқара жүріп, атом полигоны қасіретін халықпен бірдей тартқан адам. Мен 20 қарашада өтетін Семей облыстық Кеңестік сессиясына қатысамын. Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясы 1993 жылдың бюджетін қарайды. Саған осы мәселені де қосу қажет, - дейді.

20 қараша 1992 жылы Семей облыстық Кеңестік сессиясында Семей полигонына байланысты мәселе қаралып, Заң жобасы бір ауыздан мақұлданды. Заңды бекіту Жоғарғы Кеңестің сессиясына ұсынылды.

Қазақстан Республикасының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды қорғау туралы» тарихи Заңы қабылданды.



Сонымен Заң бір-ақ күнде қабылданды, ал М.Қорғанбаев осы мәселе басталған бірінші күннен бастап, дамыл таппай барлық жұмысқа араласты. Денсаулығының нашарлығына қарамай, Заң қабылданғанға дейін талай тер төкті.

«Абай еліне жеңілдіктер өперу әу баста менің азаматтық антым болды», - дейді Мұратхан бір әңгімесінде.

Қазір Семей өңірі пайдаланып отырған жеңілдіктер Мұқандай азаматтардың арқасында келді.

Бірақ Мұқан бұл жеңілдіктерді өзі толықтай пайдалана алмай кетті. Атом салған айықпас дерттен 69 жасында қас-қағым сәтте көз жұмды.

Артында қалған Абай елінің азаматтары мен ұрпақтары Мұқанның атын өшірмейді деп сенеміз.

Малғажар ЖҮНІСЖАНОВ
Семейдің облыстық тарихи өлкетану Музейінің Қарауыл ауылындағы филиал менгерушісі

ӘЛЕУЕТТІ ҚҰРЫЛЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 50% ЖАРНАСЫН АУДАРУ РӘСІМІ АЯҚТАЛДЫ



2016 жылғы 10 тамызда жоспар-кестелерде көзделген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған тұлғалардың пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару шаралары аяқталды.

Аталған шараның 2016 жылғы 18 ақпанда басталғанын еске сала кетейік. Жоспар-кестелерде белгіленген мерзімдер мен шаралар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілді.

Әскери қызметшілердің және әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару – аталған

санаттағы азаматтарды толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырудың міндетті талабы. Аталған шара олардың зейнетақы мөлшерін елжүзі түрде көбейтуге мүмкіндік береді.

Зейнетақы жинақтарының қалған бөлігін пайдалану құқығы әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес жалпы негіздер бойынша беріледі. Қандай да бір себеппен жарналарының 50 пайызы қайтарылмаған әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлері де зейнетақы төлемдерін осы талаптарда алады.

Әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылды. Осы кезеңнен бастап «толық емес» көлемде еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерін алатын (1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызмет мерзімі 10 жылдан аз болған) әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің зейнетақы мөлшері міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗК растау-анықтамасының негізінде қайта есептеледі.

Сонымен қатар міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗК растау-анықтамасын өткізу – 1998 жылғы 1

қаңтарда қызметке алғаш кіріскен әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары бойынша мемлекеттік бюджеттен зейнетақы тағайындау талаптарының бірі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗК) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» «12» тамыз 2016 жыл АҚ негізінде құрылды. «БЖЗК» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

ӘКЕ – АРДАҚТЫ ЕСІМ



Әке – ардақты есім.

Осына у жарық дүниеде ерекше кәдіртұтар жанның бірі де сол. Ал егер әулеттің арқатұтары ардақты атаға

айналар болса, кейінгі буын алдындағы тұлғасы тіптен биіктей түсетіні анық. Дана қазақтан сөз қалған ба? «...әкеннің көзін көрген өлмесін!» деген аталы сөздің мәнісі тым тереңде ме деймін.

Есімін ел біледі, Нұғыбай Данабаев атамның бұл пәнінен озғанына да міне, 30 жыл уақыт өтіпті. Тірісінде көзін көрген, ісіне қанық болған үлкендер атамның кезінде абыройлы шопан болғандығын, малшылық кәсіптің қиындықтарын жеңе білген батырлық істерін бізге аңыздай қылып жиі баяндайды.

Сол бір жылдарда бүкіл совхозды дүр сілкінткен ерекше бір тосын оқиға орын алыпты. Көз аштырмас бораны мен сары аязын ерте келген қатал қыста таудан түскен аш бөрілер атамның малына шабады. Ақ адал түлігінің түз тағысының жеміне айналғанына

қатты ашынған атам бар қайратын бойына жиып, ажалдан да сескенбей, бөрімен бет-бет айқасып, үлкен бір ерлік іс жасапты. Қарсы келген азулы жыртықшты жалаң қолымен жайратып салады. Екінші бірін қолынан келмейтін бұл батырлық кейіннен ел аузына аңыз болып тарайды.

Міне, атамның осынау көзсіз ерлігіне куә болған замандасы, бүгінде ауылдың көнекөзіне айналған ақын ағамыз Қадылғазы Сарин бұл оқиғаны ұрпаққа үлгі ете отырып, арнау жырына тақырып етіпті. Ел ағасының осы туындысы абайлық малшы қауымның да сол жылдардағы қиыншылыққа толы өмірін көркем түрде суреттейді. Қалаберді атамның ерлігіне ұрпағы ретінде мен де төнтімін. Бүгінде әулетінің сағынышына айналған ағамыз Данабаев Нұғыбай мен апам Данабаева Күлпаш анамыздың рухы пейіште шалқысын дей келе, Қадылғазы ағамыз аманат еткен осынау арнау жырды назарларыңызға ұсынамын.

Ұрпақтарының атынан немересі
Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ.

АРЛАНМЕН АЙҚАС

(Абайлық даңқты шопан Нұғыбай Данабаевтың рухына арнау)

Болыпты 1963-тің қысы қатты, Жел соғып теріскейден борандатты. Малшы мен малға қиын болып, Үскірік аяз да жанға батты. «Қабанбай» тау ішінде жалғыз қыстақ, Нұғыбай да жүруші еді соны қыстап. Совхоздың 800 қой, екі атымен, Мөншігінде екі сиыр мен жалғыз торпақ.

Қыс қатты боран соғып алай-дүлей, Нұғыбай жүруші еді басын имей. Ол кезде 40-тағы қылыш жасы, Бұла күші жүретін бойын билей.

Түнғиық мінезді азамат еді, Ешкімге соқтықпайтын жөнін білмей. Бабасы Қабанбайдай ер тұлғалы, Иығына екі кісі тең мінгендей. Ешкім де мақтамайды әуре болып, Адамның батырлығын көзі көрмей. Ерлігін азаматтың көзбен көрдік, Айтайын не болғанын соза бермей.

Сол күні боран болды, қар да қалың, Нұған да үйге айлады баккан малын. Совхоздың малын аман сақтаймын - деп, Ойына алмапты да меншік малын.

Малды аман қамады да қорасына, Өз малын еске алды арасында. Ырзығы балалардың жалғыз торпақ, Жоқ боп шықты сиырлардың арасында,

Атына міне сала іздеп кетті, Ақ боран басып алған жер мен көкті. Мекені қасқырлардың терең сай бар, Жол тауып әуірімдеп әзер жетті.

Маңайын қарағанда көзін салып, Қасқырға жем болғаны болды анық. Малының жарты еті бар, жартысы жоқ, Қасқыр да ықта жатқан тойып алып.

Бөріні көзі көрді жатқан ықтап, Қолында қаруы жоқ, қалай соқпақ? Сенді де өз күшіне амалы жоқ,

Қасқырға атша мінді мықтап ұстап.

Қасқыр да тұрды атып орынынан, Босай алмады әлді азамат қолынан. Нұған да тасқа басын соға берді, Қан шыққанша арланның мұрынынан. Бір кезде қасқыр да сұлап қалды, Нұғанның құлақтағы қолы талды. Арланның өлгеніне сенбесе де, Қарыскан екі қолын зорға алды.

Осылай батыл жүрек азаматын, Арланды қарусыз-ақ соғып алды. Мінекей, Нұға ағаның бір ерлігі, Біздерге аңыз болып есте қалды.

30 жыл болыпты кеткеніне аға, арамыздан, 25 жыл болыпты кеткені анамыз да, Бес бірдей балалары бірге жатыр, Өшпестей қайғы салып санамызға.

Тағдырдан жас жандарына таппай емін, Өмірден өшті Рахымбек пен Назарбегі, Дәурені мен Мәулені құшағына алып, Мәнгі ұйқыға кете берді Базарбегі.

Тірлікте айрылмайтын туыстардан, Мәнгіге айырып кетті ажал өлім. Бейнелері көз алдымызда болып сағым, Осылай өтіп жатыр өмір ағым.

Бағыштап дұғамызды Иман бер деп, Еске алады артындағы ұрпақтарын.

Қадылғазы САРИН,
Орда ауылы

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...



Қарауыл ауылының тұрғындары болған әкеміз **Айтжанов Мұратхан Әйткенұлының** өмірден өткеніне 1 жыл, анамыз **Елжубекова Мерuert Момынбекқызына** 2 жыл болуына орай сағына еске аламыз.

Әкетайым, асылым, асқарым-ай, Өте шықты бұл өмір қас-қағымдай. Ұл-қызыңның қызығын көрер шақта, Жер қойнына сұм ажал тастады-ай.

Бір жыл өтті, сен жоқсың арамызда Сен едің ғой қамқоршы, панамыз да, Аңқылдаған ақ көңіл жайдарын-ай, Сағынумен сені еске аламыз да!!!

Анажан шаныраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамызда.

Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі едің. Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда. Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы. Сағынышпен туғандары еске алады. Өзіңізбен өткен күндер. Жадымызда мәңгіге сақталады.

Еске алушылар балалары: **Саржан-Үмітгүл, Еркебұлан-Алуа, Нұрбұлан және немерелері.** Әкеміз **Айтжанов Мұратхан Әйткенұлына** бағышталған бір жылдық құран қатым 2016 жылдың тамыз айының 29 күні «Атамекен» тойханасында ерлерге сағат 11:00-де, әйелдерге сағат 14:00-де беріледі. Қатымға туған-туыс, әке-шешеміздің достарын, құда-жекжат, көршілерді шақырамыз.



Қарауыл ауылының тұрғыны, асқартаудай әке, асыл жар, отбасымыздың алтын дінгегі **Ибраев Тілектес Ыбрайымұлының** өмірден өткеніне 40 күн болды. Әкемізді сағына еске аламыз.

Қабағымда жазылмайтын қатпар бар, Жүрегімді күйдіретін оттар бар. Әкелердің адалдығы сияқты, Асқарларда жататұғын ақ қар бар.

Аңсар көңіл «жоқ» дегенге қимаған, Ақ таңдарда сіз келер деп иланам. Кермек жасты қайда апарып тығамын? Жүрек түгел жанарыма сыймаған.

Қырық күн өтті татырлықтай сан жылға, Сағыныш боп сіз қаласыз алдымда. Тамшы ғұмыр қас қағымда үзілген, Тағдыр деген ұқсайды екен жаңбырға....

Сағынумен еске алушы: **жұбайы Рымкүл, балалары, немерелері.** **Марқұм Ибраев Тілектес Ыбрайымұлының** 40 күндік асы 28 тамыз күні «Атамекен» тойханасында ерлерге сағат 11:00-де, әйелдерге сағат 14:00-де беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарын шақырамыз.

ЖОҒАЛДЫ

Орынбек Бақытжан Ернұрұлының атына 2009 жылы берілген №09623 тіркеу куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Борибаева Гульнур Кажигумаровнаның атына берілген АО №779741 куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Тілеухан Батырхан Айдынұлының атына 15.06. 2012 жылы берілген № 0679976 нөмірлі негізгі мектеп бітіру куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Сәуле Зәерқызы атындағы жұлде

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ БАЙҚАУ!



Биыл ауданымыздағы бірегей басылым «Абай елі» газетінің жарық көре бастағанына 10 жыл толады. Осы орайда басылым негізін қалаушы, қаламы ұшқыр журналист, білікті басшы Сәуле Зәерқызы атындағы «Шығыстаудың Сәулесі» атты шығармашылық байқауының екінші жыл қатарынан өткізілетінін естеріңізге салмақпыз. Өткен жылы да байқауға ынта білдіріп, қызығушылық танытқан қаламгерлер де өзіндік үлестерін қосқан еді. Биыл бұл жоба жаңашыл тақырыппен жалғасын таппақ. Сондай-ақ, жыл сайынғы дәстүрге айналдыруды да мақсат етіп отырмыз. Өзекті мәселелерді арқау ететін шығармашылық байқау бұл жолы қоғамның кеселді індеті сыбайлас жемқорлыққа арналады.

Байқауға қатысушы өзге үміткерлермен қарсылас. Себебі байқауға қатысушылар жасына шектеу қойылмайды. Тапсырылған материалдар газет бетінде тұрақты жарық көріп, оқырманға ұсынылады. Мақалаларыңыз тағмыз айының 1-нен қыркүйек айының 15-не дейінгі аралықта қабылданады.

1. Байқаудың мақсаты

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру формаларының және әдістерінің тиімділігін арттыру, жұртшылық арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, азаматтардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру.

2. Байқау міндеті

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті іске асырудың тиімді формаларын іздеу және насихаттау.

2. Байқаушыларды қоғамда орын алған сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды және жоюды насихаттау арқылы ынталандыру.

3. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

4. Мемлекеттік қызмет мәртебесін жоғарылату, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа халықтың сенімін арттыру, қоғам тұрақтылығын одан әрі күшейту.

5. Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру формаларының және әдістерінің тиімділігін арттыру.

6. Мемлекеттік қызметтегі меритократия, ашықтылық, қолжетімділік принциптерін көрсету.

7. Мемлекеттік органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне талдау жасау.

Байқау шарттары:

1. Жолданатын мақала көлемі А4 форматымен бір беттен аспауы керек.

2. Мәтін қарпі 14, интервалы 1,5 (тек электронды түрде)

3. Өлең түріндегі туындылар қабылданбайды. Автор кез келген публицистикалық жанрды қолдануына болады.

4. Материалдар қыркүйек айының 15-не дейін қабылданады. Байқау қорытындысы газетіміздің он жылдығына орай өтетін мерекелік іс-шарада жария етілмек.

5. Әділ-қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

4. Бағалау критерийлері

1. Көтерілген тақырыптың өзектілігі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін ашудағы кәсіби біліктілігі.

3. Тақырыпты ашу тереңдігі.

4. Автормен ұсынылған материалдың жанрлық әртүрлілігі.

5. Жарияланымды қоғамның оң қабылдауы.

6. Жарияланым мәтінінің бұқараға қолжетімді болуы.

6. Жеміппаздарды марапаттау

Бас жүлде – біреу

I орын – біреу

II орын – екеу

III орын – үшеу және ынталандыру сыйлықтары беріледі.

Ескерту:

Материалдар (қағаз және электрондық нұсқалары) «Байқауға» деген белгісімен Халыққа қызмет көрсету орталығының 2-қабатындағы «Абай елі» редакциясына өкелінуі шарт. Материалдарды қабылдау 2016 жылдың 15 қыркүйегіне дейін жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 9-23-43;

Ұйымдастыру алқасы

БАЙҚАУҒА!

Жемқорлық қоғам індеті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - баршамызға ортақ міндет!

Қазіргі таңда, Ұлт Жоспары «100 нақты қадам» аясында реформаларды жүргізудің бірінші және ең басты мақсаты – Қазақстан Республикасының егемендігі, Конституциясы мен заңдарының берік арқауы, халық мүддесі үшін адал қызмет ететін, сыбайлас жемқорлықтан адал кәсіби мемлекеттік аппаратты, мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыру.

Жемқорлықпен күресте ең басты жолдарының бірі — әкімшілік реформа. Осы орайда биыл Елбасының Жарлығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы жаңа редакцияда қабылданған болатын.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі, бұл әлеуметтік зиян, оны осы күнге дейін ешқандай мемлекет жеңіп көрген емес. Сыбайлас жемқорлық ежелгі кездерден ақ белгілі.

Сыбайлас жемқорлық – қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе

көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, ұлттық қауіпсіздігімізге, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді. Алайда, көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, «алушы» ғана емес, «беруші» де жауапкершілікке тартылуы керек. Ол сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға ықпал етеді.

Тек тиісті органдар емес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оны анықтау және жою сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және олардың салдарларын жоюды ел болып, жұрт болып жасауымыз қажет. Бұл тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы.

Қазақта «Адалдың арқаны ұзын» деген сөз бар ғой. Сондықтан әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін

ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Адам өзінің білімімен, біліктілігімен, көркем мінезімен өзін елге сыйлы ете алады. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді. Елбасы айтқандай «Біз шеңбері деп атай-тын мемлекеттік орган қызметкерлерінің жұмысы адамдарға көрінбейді. Бірақ олар маңызды істермен айналысады және онда өз ісіне адал, кәсіби мамандар отыруы керек». Бүгінгі күні қазақстандық қоғамының ең басты міндеті жемқор шеңберітерді анықтап оларды жазаға тарту ғана емес, оның алдын алу, жолын кесу болып табылады. Жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарға мемлекеттік қызмет атқаруға біржола тыйым салынуы керек деп ойлаймын. Егемен еліміздің тұрақтылығын, бейбіт қалпын сақтау - барша жұрттың қолында. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың борышы және бірімізге ортақ міндет.

Нұрғұл

САҒЫНДЫҚОВА

Жазғы лагерде

ИТАЛИЯ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЕСТЕН КЕТПЕС КҮНДЕР

«Жерде бір сәби қуанса, көкте мың періште шаттанады» дейді халық даналығында. Балғын жүректі тербеген қуаныш, бал күлкі, шынайы шаттық, таза көңіл тек балақайларға ғана тән екені рас. Бала жанына шуақ сыйлап, мың сауапқа ие болу да атымтай жомарттықтың белгісі. Ал, осындай игі іс үдесінен табылып жүрген жаны ізгі, кең пейілді азаматтардың арамызда болуы көңілге демсеу, жанға медеу.

Бастысы - мейірімділіктің, қамқорлықтың ұлтқа, нәсілге бөлінбейтінін, Абайша айтқанда адамзаттың бәрін бауырым деп сүйетінін дәлелдей білетін жандар бар. Италиялық танымал бизнесмен Концерн Эни мырзаның қонақжай қазақ ұлтына алғыс ретінде бүлдіршіндерімізге қамқорлық жасауды қолға алғанына да аз уақыт болмапты. «Жетім көрсен жебей жүр» деген өсиетті өмірлік ұстанымына айналдырған жомарт кәсіпкер сонау 1999 жылдан бері қазақстандық бүлдіршіндерді Италияның Чезенатико қаласындағы өзінің «Эни» балалар лагерінде дәстүрлі түрде жылыа жыл қабылдап келеді. Бұл игі үрдіс биыл

да өз жалғасын тауып, еліміздің әр аймағынан іріктелген бөбектер Еуропа кіндігінде болып, жаз қызығын көңілді өткізіп қайтты. Сөз орайында айта кетейік, бұл жазғы демалу-сауықтыру лагері мен мемлекетіміз арасында арнайы келісімшарт жасалған болатын. Оның аясында тек

ата-анасынан айырылған немесе көп балалы отбасы және аз қамтылған жанұядан шыққан бүлдіршіндер бірінші кезекте жолдама алады. Италия төріндегі жылы сулы Адриат теңізі жағалауында орналасқан Чезенатико қаласы өзінің тарихи орындарымен, майда құмды әсем жағажайымен және мөлдір тұнық суымен келуші қонақтарды баурап алатын танымал туристік орталықтардың бірі. Субтропикалық аймаққа жыл сайын әлемнің әр түркірінен демалушылар келеді екен.

